



«БЕКІТЕМІН»

«ШКО кәсіптік білім беру орталығы»

КММ директорының м.а.

Л. Кездикбаева

« _____ » _____ 2023 ж.

**«Облыстық әдістемелік бірлестіктердің көшбасшылары – 2023»
облыстық қашықтық байқауының Ережесі**

Өскемен қ., 2023 ж.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы Ереже «Облыстық әдістемелік бірлестіктердің көшбасшылары – 2023» облыстық байқауының (бұдан әрі – Байқау) мақсаттарын, міндеттерін, өткізу және қорытындыларын шығару тәртібін айқындайды.

Байқау ұйымдастырушысы «ШҚО кәсіптік білім беру орталығы» КММ болып табылады.

Байқауға облыстық әдістемелік бірлестік (бұдан әрі – ОӘБ) қызметінің нәтижелілігіне елеулі ықпал ете алатын, жобаның және/немесе қандай да бір іс-шараның бастамашысы, ұйымдастырушысы ретінде ОӘБ қызметіне белсенді қатысатын ОӘБ төрағалары қатысады.

БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Мақсаты - ШҚО ТжКБ жүйесі облыстық әдістемелік бірлестіктерінің қызметін дамыту және жетілдіру.

Міндеттері:

- ШҚО ТжКБ жүйесін дамытуға облыстық әдістемелік бірлестіктер төрағаларының жеке үлесін тану;
- ОӘБ басшыларының кәсіби деңгейін арттыру, көшбасшы ретінде оң имиджін қалыптастыру;
- ШҚО ТжКБ жүйесінің ОӘБ қызметін дамыту үшін жағдай жасау.

БАЙҚАУҒА БАСШЫЛЫҚ ЕТУ

Байқауды басқаруды ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі – Ұйымдастыру комитеті) жүзеге асырады:

- Байқаудың сараптамалық кеңесінің құрамын, байқаудың бағалау жүйесін бекітеді;
- қатысушылардың тізімін, Байқау жеңімпаздарын марапаттау тәртібін қалыптастырады;
- қатысушылардың материалдарын қабылдайды және олардың сараптамасын жүргізуді қамтамасыз ету мақсатында Байқаудың сараптау кеңесіне береді;
- Байқау іс-шараларының оның міндеттеріне мазмұндық сәйкестігін қамтамасыз етеді;
- Байқаудың қорытындысын шығарады, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді ұсынады;
- іс-шараны ШҚО білім басқармасының және ШҚО кәсіптік білім беру орталығының сайтында, сондай-ақ әлеуметтік желілерде жариялауды қамтамасыз етеді;
- Байқаудың қорытындысы туралы есеп дайындайды.

БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУДІҢ ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

Байқауға қатысу үшін өтінімдерді, материалдарды электрондық түрде немесе байқау талаптарына сәйкес ұйымдастыру комитетінің мекенжайына **2023 жылғы 02 мамыр, сағат 18:00 – ге дейін «ОӘБ көшбасшылары»** белгісімен **metod@tipo-vko.edu.kz** электрондық поштасына жіберу қажет.

Қорытынды шығару - **2023 жылғы 13 маусымда.**

Бағалау критерийлері:

- Байқауға қатысушы тікелей қатысатын облыстық әдістемелік бірлестіктің инновациялық әдіс-тәсілдері, әдістері мен әдістемелерінің мазмұндылығы;
 - сайыскердің ұйымдастырушылық, креативті және коммуникативтік қабілеттері;
 - байқауға қатысушының басқару қабілеттері, іскерліктері мен дағдылары.
- Байқауға қатысу үшін сараптамалық кеңеске мынадай құжаттар ұсынылады:
- өтінім (№1 қосымша);
 - қатысушының сауалнамасы (№2 қосымша);
 - қатысушы еркін нысанда дайындаған «Менің тәжірибем, менің жетістіктерім» түйіндемесі (көлемі 1,5 беттен артық емес);
 - «Менің облыстық әдістемелік бірлестігім» бейнеролигі (ұзақтығы 5 минуттан аспайды);
 - Байқауға қатысушының тікелей қатысатын (жоба кемінде бір жыл іске асырылуы тиіс) және оның фотосуреттерін суреттейтін авторлық жобасы;
 - БАҚ-тағы жарияланымдар немесе ОӘБ қызметі туралы мақалалар (3-тен көп емес);
 - «ТжКБ жүйесін дамытуға менің үлесім» қатысушысының презентациясы.

МАТЕРИАЛДАРДЫ РЕСІМДЕУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Мәтінге қойылатын талаптар:

- орналасуы-парақтың бір жағында;
- жоларалық интервал-бір жарым;
- қаріп (қалың емес, курсив емес), Times New Roman өлшемі 14 кегль;
- өрістер: сол жақта - 2,75 см, оң жақта - 2,25 см, жоғарғы жағында - 3 см, төменгі жағында-2 см;
- бетті нөмірлеу-үстіңгі деректеме (оң жақта);

Иллюстрациялық материалдар (фотосуреттер) электронды түрде жеке файлдарда болуы тиіс, бұл ретте барлық ұсынылған иллюстрациялық материалдар оларға түсіндірмелерді қамтуы тиіс.

Байқауды ұйымдастырушы ұйымның атына **2023 жылғы 02 маусымнан кейін** келіп түскен байқау материалдары, сондай-ақ талаптарға сай келмейтін материалдар қаралмайды.



Байқау қорытындысын шығару

Байқау материалдарын бағалау қорытындысы бойынша жеңімпаздар, жүлдегерлер, номинанттар анықталады. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге кубоктар, дипломдар, қатысушыларға сертификаттар тапсырылады. Қорытындылар ШҚО білім басқармасының және ШҚО кәсіптік білім беру орталығының сайттарында орналастырылады.



Өтінім үлгісі

№	ТАЖ (толық)	Оқу орнының атауы, қызметі	ОӘБ атауы	Байланыс телефондары, e-mail
1				

Директор _____ (ТАЖ, қолы)
м.о.



«ОӘБ көшбасшысы – 2023» байқау қатысушысының сауалнамасы

Фото орны

1. Жалпы мәліметтер	
Тегі	
Аты	
Әкесінің аты	
Туған күні	
2. Қызметі	
Лауазымы	
Жұмыс орны (оқу орнының атауы)	
Педагогикалық өтілі	
3. Білімі	
Білімі (оқу орнының атауы, мамандығы, аяқтаған жылы)	
4. Жетістіктері	
Қандай марапаттаулар, грамоталар бар (атауы, марапатты алған жылы)	
5. Қосымша ақпарат	
Сіздің ОӘБ төрағасы ретіндегі ерекшелігіңіз	
Сіздің ұраныңыз және афоризміңіз	
Сіздің хоббиіңіз	
Сіздің үш тілегіңіз: Өзіңіз үшін – Колледж үшін – Қалаңыз үшін -	
6. Байланыс мәліметтері	
Байланыс телефоны	
Электрондық пошта	

